

Хаттама

14.01.2025 жыл

№ 5

Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы

Жиналыс төрайымы: Ж.Уразбаева

Хатшысы: Қ.Өтембет

Қатысқандар: 7 (жеті) адам, Ө.Түктібаев, Әшір Нұрбибі, Р.Кемаладинов, Б.Темірбаева, О.Балмағамбетов, А.Берекетов

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметін ұйымдастыру.

ТЫНДАЛДЫ:

Ж.Уразбаева – жиналыс төрайымы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша. Комиссияның атқаралған жұмыстары туралы таныстырды.

1. Ас блогындағы, асханадағы жұмыстарға байланысты тексеру қорытындысы:
 - тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттары талапқа сай орындалған
 - күнделікті мәзірдің перспективалық сәйкестігі дұрыс.
 - ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелері сақталған.
 - кластар бойынша тамақтану кестесі мен тамақтану арасындағы аралық сақталған.
 - дайындалған өнімнің органолептикалық қасиеттері сақталған, технологиялық картаға сәйкес келеді.
 - асханаға қосалқы ыдыстар жетіспейді, қосымша алынуы керек.
 - асханада буфетінде тыйым салынған тағамдар мен өнімдері сатылмау керек. (майға қуырылған тағамдар, газды, боялған сусындар т.б)
 - асхана және ас үй ыдыстарының аз болуына байланысты қосымша аспаптар керек.
 - ас блогында ыдыс жуу ережесі бар.
 - ыстық сумен жабдықтауға байланысты аристон жұмыс жасап тұр.
 - көкөністерді жәшіктерде, тауар қойғыштарда, тегендерді таңбаланған сыйымдылықтарда сақталған.
 - тағам сақтайтын тоңазытқыштар бар, бірақ қосымша тоңазытқыш алу керек.
 - ұн және нан цехтары бейімделген.
 - персоналдың қол жууы және кептіруі үшін қосымша құралдар алу керек.
 - тамақтардың шығуын, дайындалған тамақтану көлемінің бір реттік порция көлеміне және балалар санына сәйкестігінде күні көрсетілмеген.
 - жұмыртқаны жууға арналған арнайы құралдар жоқ, бейімделген
 - тамақ өнімдерін жеткізушілермен жасалған шарттар мен құжаттар бар
 - дезинфекциялық құралдары талапқа сай алынған.
- Осы жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында кімнің қандай ұсынысы бар.

Шығып сөйлегендер:

Түктібаев Өмірзақ – Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, комиссия мүшесі.

Кейбір мәселелерге байланысты асхана қызметкерлеріне және жеткізуші кәсіпкерге әлі де кемшіліктері бар екені атап айтылып, асханада жеміс-жидек кесетін тақтайшаларды ауыстыру керек екені айтылды. Асхана қызметкерлеріне тамақ пісіретін пештің үстін дер кезінде тазалап тұрулары керек екені және медициналық, гигиеналық тазалыққа арналған бас киімдердің (чепчик) көнергені туралы және оны жаңалау керек екені де ескертілді. Алдағы уақытта кемшіліктерді жоюға тапсырма берілді.

Б.Темірбаева – комиссия мүшесі.

Мен өзім күнделікті асхананың санитарлық талапқа сәйкес тазалығын тексеріп, оқушылардың тамақтануын қадағалап отырамын. Тамақ сынамалары уақытылы алынып, мерзімге сәйкес сақтаулы тұрады.

Ж.Уразбаева – жиналыс төрайымы. Жиналысты қорытындылай келе комиссия мүшелері

Жиналыс төмендегідей шешім қабылдады:

1. Мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу барысында асхана қызметкерлеріне және жеткізуші кәсіпкерге жоғарыда аталған кемшілікті жою тапсырылсын
2. Әр тоқсан сайын тамақтану сапасына мониторинг жүргізіп, кемшіліктерді жою мақсатында жұмыс жүргізу комиссия мүшелеріне міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы:

Ж.Уразбаева

Жиналыс хатшысы:

Қ.Өтембет

